ҰЛЫЛАР ЕЛІНІҢ ҮНПАРАҒЫ

ABAI AIMAQ медиахолдингі

# SEMEI tańy

№ 107 (19734) 31 қазан, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ




Тіршілік - бәсеке, жарыс. Дүние - бәйге үйретуші. Озғанға қарай бәйге береді. Дүниенің ісі осылай болған соң адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді.
Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# ӨСІМ БАР, БІРАҚ ҚАРҚЫНДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ



**Абай облысының әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен облыс әкімдігінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында 2025 жылдың 9 айындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен облыстық бюджеттің орындалуы қаралды.**



Отырысқа қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары, олардың орынбасарлары, сондай-ақ өңірлік департамент жетекшілері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Роза Құдайбергенқызы, кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев, қаржы басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Думанқызы, Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев, Аягөз ауданы әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаров және Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин баяндама жасады.

Жиында атап өтілгендей, биылғы жылдың 9 айында облыс экономикасының барлық саласында оң өсім динамикасы сақталып отыр. Атап айтқанда, көлік саласында өсім 123,4 пайыз, байланыста 106,4 пайыз, ішкі саудада 105,9 пайыз, инвестицияда 103,1 пайыз, ауыл шаруашылығында 102,8 пайыз деңгейінде қамтамасыз етілген.

Инвестиция көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1 пайызға өсіп, 364,5 млрд теңгені құрады. Ал облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 339,5 млрд теңгеге жеткен, бұл өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға артық көрсеткіш болып отыр.

Өңдеу саласына салынған инвестиция да айтарлықтай артқан: өсім 137,8 пайыз, жалпы көлемі 29,6 млрд теңгені құрады. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 3,2 пайызға өсіп, бүгінде 55,9 мың бірлікке жеткен. Ал биылғы жылдың екінші тоқсанында шағын және орта бизнес өкілдері өндірген өнім көлемі 14,2 пайызға өсіп, 562,3 млрд теңгеге жеткен.

Отырыста облыс әкімінің бастамасымен қала және аудан әкімдерінің қызметін рейтингтік бағалау әдістемесі енгізілгені де айтылды. Бұл жүйе 72 индикаторды қамтитын 9 бағыттан тұрады. Рейтинг қорытындысы бойынша Курчатов қаласы, сондай-ақ Абай және Көкпекті аудандары алғашқы үштіктен көрінсе, Семей қаласы, Аягөз, Мақаншы және Жарма аудандары соңғы орындарды иеленді.

Жиында сонымен қатар өнеркәсіп, тау-кен өндірісі, сумен жабдықтау және құрылыс салаларындағы көрсеткіштердің төмендегені атап өтілді. Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыстарға жауапты орынбасарларына, аппарат басшысына, аудан және қала әкімдері мен басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Берік Уәли өңірде тұрақты өсімді сақтау үшін Үкімет белгілеген міндеттерді уақтылы орындау, құрылыс қарқынын арттыру, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемін ұлғайту, сондай-ақ арнайы қордан бөлінген қаржының толық әрі тиімді игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

- Мемлекет басшысы экономикалық даму сапасын арттыру жөніндегі кеңесте макроэкономикалық тұрақтылықты нығайту, азаматтардың әл-ауқатын көтеру, инфляцияны төмендету және халық табысын арттыру бағытында нақты тапсырмалар берген болатын. Президенттің тапсырмасына сай, әр аудан мен қалада жыл сайын кемінде 5 жаңа кәсіпорын іске қосылып, 100-ге жуық жаңа жұмыс орындары ашылуы қажет. Облыстың экономикасын өркендету мақсатында менің қатысуыммен жүзге жуық инвестормен кездесу өтті. Нәтижесінде ынтымақтастық пен инвестиция тарту бойынша бірқатар меморандумдарға қол қойылды. Өкінішке қарай, инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен құжат рәсімдеуде жергілікті деңгейде жұмыстар әлі де баяу жүруде. Сондықтан бұл бағытта нақты нәтижелер қажет, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сонымен бірге жергілікті атқарушы органдарға инвестициялық белсенділікті арттыру, жобаларды уақтылы іске асыру, құрылыс сапасы мен қаржыны игеру барысын жіті бақылауға алу қажеттігін ескертті.

*Абай облысы әкімінің баспасөз қызметінің ақпараты негізінде әзірлеген*
*Роза МАУЫЛХАНҚЫЗЫ*

ТУРИЗМ

**Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен Алакөл жағалауындағы инфрақұрылымды дамыту бойынша жиын өтті. Отырысқа басқарма, департамент басшылары, көліктік бақылау инспекциясының өкілдері қатысты.**

# АЛАКӨЛ ЖАҒАЛАУЫНА ЖЕКЕ ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

## ДЕЙДІ ОБЛЫС ӘКІМІ БЕРІК УӘЛИ

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша туризм басқармасының басшысы Марат Қабақов баяндады.

Аймақ басшысының бастамасымен облыста Алакөл жағалауының инфрақұрылымын нығайту бойынша нақты жұмыстар қолға алынғаны белгілі. Қазіргі уақытта туристік аймаққа жаңа электр желісін тарту, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Көл жағалауындағы Қабанбай ауылында құтқару станциясы салынуда. Нысанда ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Әзербайжан инвесторлары Алакөлде жыл бойы жұмыс істейтін емдеу-сауықтыру кешенін салуды жоспарлап отыр.

Жиында аймақ басшысының орынбасары Серік Төленбергенов пен тиісті басқармаларға Алакөл жағалауындағы инфрақұрылымды дамытуға, туристік аймақтағы қолға алынған жобаларды жүзеге асыруға, көліктік бақылау инспекторларының санын арттыруға, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

«Алакөлдегі өзекті мәселелерді алдағы демалыс маусымына дейін шешуіміз қажет. Жағалауда басталған барлық жобалар уақтылы әрі сапалы орындалуы тиіс. Электр желісін тарту мен қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жобалық құжаттамасы жыл соңына дейін дайын болуы керек. Жағалауды нығайту шараларын қазірден бастау қажет. Туристік аймақты абаттандыруға, жөндеуге, санитарлық тазалық жұмыстарына қатысты жобалардың конкурсын созбай, ерте өткізуді тапсырамын. Алакөл демалыс аймағын басқаратын жеке мекеме құру қажет», - деді облыс әкімі.



*Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі*

АГРОӨНЕРКӘСІП

# ЕТ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



**Жоба аясында Жаңасемей ауданында қуаттылығы жылына 11 400 тонна ет және ет өнімдерін терең өңдейтін заманауи ет комбинатының құрылысы басталды. Аяқталған соң бұл өндіріс нысанында консервіленген ет өнімдері, шұжық түрлері, жартылай дайын өнімдер мен ет деликатестері шығарылатын болады.**

Ағайынды Сайлау және Ерлан Мұқашевтар жетекшілік ететін «Eurasia Agro Semey» ЖШС жүзеге асырып жатқан жоба өңірдің ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібін дамытуға тың серпін бермек. Жобаның жалпы құны – 7,7 млрд теңге. Жобаны іске асырушы мердігер компания өкілі құрылыс барысы бекітілген кестеге сай жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Ет комбинаты бір ауысымда 70 бас ірі қара және 700 бас ұсақ мал союға қауқарлы болады. Кәсіпорын құрамында бір ауысымда 3 тонна шұжық және 5 тонна консерві өнімдерін өндіретін цехтардың құрылысы да қарастырылған. Биылғы жылдың соңына дейін ғимараттың қаңқасын толық аяқтап, төбесін жауып, қабырғаларын сэндвич-панельмен қаптау жоспарланып отыр. Ал зауытты 2026 жылдың тамыз айында толық іске қосу көзделген», – деді бас мердігер, «ADK Group» ЖШС директоры Сағындық Сатыбалды.

Айта кетейік, биылғы маусым айында облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен «Туған жерге туыңды тік» инвестициялық форумы ұйымдастырылып, өңірден шыққан кәсіпкерлерді аймаққа қолдау көрсетуге шақырған болатын. Ағайынды Мұқашевтар сол кезде игі бастамаға алғаш болып ынта білдіріп, туған өлкеге инвестиция салуға дайын екенін жеткізген еді.

*«ST» - ақпарат*

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

**Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр өңірдің 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.**

# ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

*Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,*
*«Semey tany»*

Ербол Садырдың айтуынша, қысқа мерзімді экономикалық индикатор 100,8 пайызды құрап отыр. Бұл өңір экономикасының оң бағытта дамып келе жатқанын айғақтайды.

Көлік саласында өсім 123,4 пайыз, байланыс қызметінде 106,4 пайыз, ішкі саудада 105,9 пайыз болды. Ауыл шаруашылығының көрсеткіші 102,8 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 101,3 пайыз деңгейінде тіркелген.

Өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 31,5 пайызға артып, 1 914,3 млрд теңгені құраған. Өңдеу саласында да оң серпін байқалып отыр: өндірілген өнім көлемі 500,6 млрд теңге, өсім - 25,2 пайыз. Ал бұл салаға салынған инвестиция көлемі 137,8 пайызға жетіп, 29,6 млрд теңгені құраған.

Ербол Әбілхайырұлының айтуынша, жыл басынан осы уақытқа дейін облыс экономикасына 364,5 млрд теңге инвестиция тартылған. Сонымен қатар еліміздің 2029 жылға дейінгі инвестициялық саясат тұжырымдамасын іске асыру аясында облыста инвестициялық бағдарлама мен іс-шаралар жоспары әзірленген. Осы бағдарлама бойынша инвестициялық жобалар пулын кеңейту бағытында біршама жұмыстар жүргізілуде.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бизнесті қолдау және инвестиция тарту шаралары жүйелі түрде жүзеге асуда. Іске асырылған жобалар саны 29-дан 97-ге дейін артты. Тартылған инвестициялар көлемі 2,2 трлн теңгеден 3,2 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл өңірдің инвестициялық белсенділігінің жоғарылағанын көрсетеді. 46 жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізіліп отыр. Биылғы жылы жалпы құны 3 млрд теңге болатын 3 жоба іске қосылып, 72 жаңа жұмыс орны ашылды. Жыл соңына дейін құны 22,7 млрд теңгені құрайтын 8 жоба іске асырылып, 552 адам жұмыспен қамтылмақ. Сонымен қатар өңірлік инвестициялық жобалар пулы қалыптастырылып, жалпы құны 13 млрд теңге болатын 12 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар бойынша жыл соңына дейін 310 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған, - деді Абай облысы әкімінің бірінші орынбасары Е. Садыр.

Өңірде инвестиция тарту және жаңа өндірістік базаны қалыптастыру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

– Бүгінгі таңда аумағы 96 гектарды қамтитын «Өндіріс» индустриялық аймағын 186 гектарға дейін кеңейтуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар шағын индустриялық парк құру бойынша дайындық басталды. Инвесторлар тарапынан қызығушылықтың артуы жаңа индустриялық аймақтардың қажеттілігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты Семей қаласының өндірістік аумағында арнайы экономикалық аймақ құру мақсатында 500 гектар жер бөлу жоспарлануда. Бұл жоба отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға, сондай-ақ жаңа өндіріс орындарын ашуға және жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр.

Бұл өз кезегінде облыстың экономикалық тұрақтылығын арттырып, әлеуметтік дамуға да оң ықпал етеді.

Сонымен қатар өңірде Президент бастамасымен іске асырылып жатқан республикалық «Абайға құрмет» акциясы да қарқынды жалғасуда. Бұл бастама аясында еліміздің 14 өңірі Семей қаласында бір нысаннан салып, облыс орталығының әлеуметтік және мәдени келбетін жаңартуға өз үлестерін қосады.

- Қазіргі таңда еліміздің 14 өңірі Семей қаласында салынатын құрылыс нысандарының жобалық жұмыстарын жүргізуде. Салынатын нысандардың басым бөлігі қаланың жаңа бөлігінде бой көтермек. Мұнда 300 гектарға жуық аумақта көп қабатты тұрғын үйлер, 7 мектеп, 10 балабақша және заманауи емханалар салу жоспарланған. Нәтижесінде бұл аймақ Семейдің жаңа әкімшілік және іскерлік орталығына айналмақ, – деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.

Жобаларды сапалы іске асыру мақсатында қазіргі уақытта қаланың бас жоспары қайта қаралып, егжей-тегжейлі жоспарлау жұмыстары жүргізілуде.

Әже, оқып берші!

# ТҮЛКІ МЕН БОРСЫҚ НЕГЕ ІНДЕ ТҰРАДЫ?



*(Белорус ертегісі)*

Ертеде аңдардың құйрығы болмапты. Тек аң патшасы арыстанның ғана құйрығы бар екен. Аңдарға құйрықсыз өмір сүру, әрине, оңай емес еді. Қыста бірдеңе қылып күндерін көргенімен, жазда сона мен масаға таланып, қатты қиналыпты. Арқаларына қонған қансорғыш жәндіктерді қағып жіберетін құйрықтары болмағандықтан, бейшара аңдар кірерге тесік таппай қалады екен. Күндердің бір күні аңдардың зары арыстанға жетеді.

«Қой, мен бұларға көмектесейін» деп ойлайды арыстан. Сөйтіп, аңдарға құйрық жасатады. Құйрықтар дайын болғанда жан-жаққа хабар жібереді, аңдарды сарайға жинайды. Бірінші болып арыстанның алдына түлкі келеді.

– Бәрекелді! Сен бәрінен бұрын келдің. Қалаған құйрығыңды ал, – дейді оған аң патшасы.

Түлкіге керегі де сол еді. Ол өзіне ең әдемі құйрықты таңдап алады. Одан кейін секеңдеп сарайға тиін де жетеді. Оған да әп-әдемі, үлпілдеп тұрған ұзын құйрық бұйырады. Жылқы келіп төгіліп тұрған жалқұйрықты таңдайды. Осылайша, барлық аң қалаған құйрыққа ие болып, арыстанға алғыс айтады. Тек аю ғана сарайға келуге асықпаған екен. Ол «аңдар құйрық алып жатыр» деген хабарды естісе де, тәтті ұйқысын қимай, апанында жата беріпті. Арада қанша уақыт өткенін кім білсін, бір күні аю арыстанның алдына барады.

– Мен құйрығымды алуға келдім! Аю деген атыма сай біреуін қалдырып қойған шығарсыз? – дейді арыстанға.

– Кеш қалдың! Құйрықтың бәрін аңдар талап әкетті, – дейді арыстан оған.

Аюдың бірден ұнжырғасы түсіп кетеді. Басын салбыратып, ілбіп басып орманда келе жатса, алдынан борсық шығады. Қараса, борсықтың әп-әдемі, ұп-ұзын құйрығы бар екен.

– Әй, андағы құйрық саған лайық емес қой! Қайтесің, мұндай ұзын құйрықты! Одан да маған сыйлай салсаңшы. Орнына бал берейін, – дейді аю.

– Бере алмаймын! Балға бола құйрықсыз қалатын жайым жоқ, – дейді борсық.

– Бер, қане! Әйтпесе тартып аламын! – дейді аю.

Сөйтеді де, борсықты бас салмақ болады. Борсық тұра қашады. Бірақ құйрығының ұшы аюдың тырнағына ілініп қалады. Аю оны құйрық етіп, артына жалғап алыпты. Зәресі ұшқан борсық бір жерге келгенде демін алып, дереу жерді тырмалауға кіріседі. Мұны сол маңда жүрген түлкі байқап қалып:

– Борсық, саған не болған? Жерді соншa тырмалағаның не? – деп сұрайды.

– Аюдан қашып келемін. Ол құйрығымды тартып алмақ болды. Жерді қазып тығылмасам, басқа амал жоқ, – дейді борсық.

– Ойбай, онда мен де тығылайын! – деп түлкі де жерді қазуға кіріседі.

Борсық пен түлкі жерді әбден үңгіп қазып, ішіне жасырынып қалады. Арттарын қуып келген аю оларды таба алмай, ақыры апанына қайтады. Содан бері түлкі мен борсық інде тұрады екен. Ал аю сол күйі құйрықсыз қалыпты.

*Орыс тілінен аударған*
*Бағдат МӘЖИТОВ*



ҚОҒАМ

***Семей қаласы әкімдігінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Қала әкімінің орынбасары Қуаныш Әбілдаевтың төрағалығымен өткен жиынға комиссия мүшелері қатысты.***

# КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жиын барысында отбасылық тәрбиенің маңыздылығы, балалардың құқығын қорғауда ата-аналардың жауапкершілігі және жасөспірімдерге әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету шараларының тиімділігі мәселелері де талқыланды.

Жыл басынан бері комиссия 14 рет отырыс өткізді. Соның бірі – 21 қазан күні өткен кезекті жиында 10 материал қаралды. Оның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар «қолайсыз жанұя» санаты бойынша есепте тұрған жанұяларға қатысты 6 материал, «кәмелетке толмағандар» санаты бойынша 4 материал қаралды.

Барлық мәселелер жасөспірімдердің заңды өкілдерінің қатысуымен қаралып, әр жағдай жеке талқыланды.

Отырыстың қорытындысы бойынша комиссия мүшелері тарапынан бірқатар отбасылар мен жасөспірімдерге қатаң ескерту жасау туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар екі жасөспірімге қатысты материалдар Абай облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотына жолданып, оларды Шығыс Қазақстан облысы Серебрянск қаласындағы девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы мектеп-интернатына орналастыру жөнінде ұсыныс енгізілді.

Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету Семей қаласының ювеналды полиция және қалалық білім бөлімдеріне тапсырылды.

— Біздің басты міндетіміз — әр баланың қауіпсіз ортада өсіп, қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуына жағдай жасау. Бұл бағытта мемлекеттік органдар мен білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігі маңызды, — деп атап өтті Қуаныш Әбілдаев.

Отырыстың қорытындысында комиссия мүшелері аталған бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру және қолайсыз отбасылармен жеке профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

*«ST» - ақпарат*

# ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

***12.12.2025 ж. сағат 15.00-де Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, Маметова көшесі, 5, Ақтоғай кенттік клубы ғимараты мекенжайы бойынша «Абай облысы Аягөз ауданындағы Қызылқия кен орнының мыс кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.***

**Учаскенің географиялық координаттары:**

1) 46°59’20» СЕ, 80°01’10» ШБ; 2) 46°59’20» СЕ, 80°01’30» ШБ;
3) 46°59’23» СЕ, 80°01’30» ШБ; 4) 46°59’23» СЕ, 80°02’32» ШБ;
5) 46°59’33» СЕ, 80°02’32» ШБ; 6) 46°59’30» СЕ, 80°03’41» ШБ;
7) 46°59’07» СЕ, 80°03’41» ШБ; 8) 46°58’54» СЕ, 80°02’45» ШБ;
9) 46°58’40» СЕ, 80°02’45» ШБ; 10) 46°58’40» СЕ, 80°01’10» ШБ.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдаудың Zoom платформасында өткізілетін видеоконференциясына мына сілтеме арқылы қатысуға болады:

https://zoom.us/j/93147293760?pwd=DDfw0EVgazsdYMrZIzFYgPoKaXBDip.1

Идентификатор: 931 4729 3760. Қатынас коды 828562

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша 8 (775) 0159101 телефонына хабарласуға болады. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық пошта: тел. 8 (727) 244-03-53 ін.59202, e-mail: Kal.Environmental@kazminerals.com.

Тапсырыс беруші: ТОО «KAZ Minerals Aktogay» (КАЗ Минералз Ақтоғай) ЖШС, БСН 090840006023, ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Ақтоғай кенті, КАЗ МИНЕРАЛЗ АКТОГАЙ Өнеркәсіптік аймағы, 27-үй, тел. 8-727-2440353, www.kazminerals.com.

Әзірлеуші: «Minerals Operating Ltd.» ЖК, БСН 200140900031, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, тел. +7 777 491 4002, e-mail: krylov.d@moperating.kz.

Жергілікті атқарушы орган - «Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 354422.

Жоба бойынша құжаттамалар Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – https://hearings.ndbecology.gov.kz/ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған.

Ескертпелер мен ұсыныстар https://hearings.ndbecology.gov.kz/, prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru электрондық пошталары бойынша қабылданады.

## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылғы 27 қарашада сағат 11.00-де Абай атындағы облыстық кітапхананың залында (Абай көшесі, 86, 2-қабат) Семей қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларында Семей қаласының кейбір көшелерін қайта атау туралы көпшілік тыңдаулар өткізіледі.

*Қалалық мәслихат аппараты*




***Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына теріс әсер ететін ең қауіпті құбылыстардың бірі. Бұл мәселе әсіресе бәсекелестік орнаған қоғамда, яғни экономикалық, саяси және әлеуметтік салада тамыр жайып, бүгінгі күнге дейін өзекті болып қалып отыр. Жемқорлықтың тамыры тереңдеп, ол тек мемлекеттің құрылымына іштей іріткі салумен шектелмей, қоғамның моральдық тұрғыда құлдырауына да әсер етеді.***

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН БІРЛЕСЕ КҮРЕСЕЙІК

Қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң аясында елімізде түрлі шаралар қолға алынған. Мемлекеттік қызметкерлердің өз қызметін жеке пайда табу мақсатында теріс пайдалануы, сыбайлас жемқорлықтың ең айқын көрінісі болып табылады. Жемқорлықтың алдын алу үшін мемлекет пен қоғам бірлесіп күш салуы тиіс. Оны тиімді жою үшін ең алдымен мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінің ашық және қолжетімді болуы қажет. Қызметтерді алу рәсімі жеңілдетілген сайын, жемқорлық деңгейі де төмендейді.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бірнеше заңнамалық актілермен реттеледі, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. Бұл құжаттар мемлекеттің саясатын айқындап, оның жүзеге асырылуы кезінде барлық тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы үшін тиісті шаралар қабылдануын талап етеді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлердің қызметі бойынша стандарттар мен регламенттерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау, әрі олардың алдын алу шараларын қолдану маңызды болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Бұл күресте әрбір азаматтың қосар үлесі зор. Мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін адал орындауы, халықтың сенімін ақтауы және олардың сапалы, ашық қызмет көрсетуі еліміздің болашағына тікелей әсер етеді. Қазақстанның дамыған мемлекеттердің қатарында болуы үшін, барлық мемлекеттік органдардың жұмысы тиімді, ашық әрі жемқорлықтан ада болуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін, ең бастысы, ел ішінде заңдардың сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және барлық мемлекеттік қызметтердің ашықтық қағидаттарына негізделген жүйелерді дамыту керек. Мемлекет өз тарапынан бұл бағытта бірқатар заңнамалық актілер мен реформалар жүргізіп келеді, бірақ нәтижеге жету үшін бұл процестерге қоғам да белсене қатысуы тиіс.

Көп ұлтты Қазақстан - болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Біздің алдағы міндеттеріміз ауқымды. Әр кезеңде сынақтар мен қиындықтар кездеседі, сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін біз біртұтас болуымыз керек. Сыбайлас жемқорлықпен күресу — тек мемлекеттік құрылымның ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін әрбір азаматтың қатысуы маңызды.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің моральдық тазалығы, сауаттылығы мен біліктілігі жоғары болуға тиіс. Сонда ғана біз жемқорлықпен күресте нақты жетістіктерге жетіп, елімізді таза әрі әділ қоғамға айналдыра аламыз.

*Сара ЖҰМАБЕКОВА,*
*Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы*

БЖЗК

***Жыл сайын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі БЖЗҚ, Қор) БАҚ өкілдерін, блогерлерді, сондай-ақ журналистика факультеттерінің студенттерін барлық мақсатты аудиториялар үшін қызықты болатын жедел және өзекті материалдарды дайындау құпияларымен бөлісу үшін жинайды.***

# МАМАНДАР ШЕБЕРЛІК САБАҒЫН ӨТКІЗЕДІ

Биыл бұл іс-шара аралас форматта ұйымдастырылмақ: БЖЗҚ-ның Алматы қаласындағы Орталық аппаратында (Самал-2, 97-үй) офлайн өткізілсе, еліміздің басқа қалаларындағы тыңдаушыларымыз бен спикерлер шараға онлайн қосыла алады.

2025 жылдың 20 қарашасында баяндамалар орыс тілінде, 21 қарашасы күні қазақ тілінде 10-00 бастап 12-00 дейін оқылады.

Курс бағдарламасында түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:

- Әлемдегі зейнетақы жүйелерінің түрлері мен негізгі түсініктері, демографиялық трендтердің зейнетақымен қамсыздандыруға әсері. Қазақстандағы зейнетақы жүйесі. БЖЗҚ қызметі (Неліктен көптеген елдер зейнетақы жүйесінің жинақтаушы және аралас түріне көшуде?

- Зейнетақы активтерін ҚР ҰБ-тың басқаруы (зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланатыны туралы таныстырылымды ҚР Ұлттық банкінің басқарушылары ұсынады).

- Зейнетақы жинақтары сенімгерлік басқаруда. Инвестициялық портфельді басқарушы компаниялар туралы ақпаратты қайдан алып оқуға болады?

- Зейнетақы жинақтарынан төлемдер. Зейнетақы төлемдеріне салықтар.

- БЖЗҚ-ның ақпараттық жұмысы. ЖЗЖ туралы қызық материалды алғашқы көзден алынған ақпараттар негізінде қалай дайындауға болады? (БЖЗҚ-ға, ҚРҰБ-қа, ЕХӘҚМ-ге, ҚНРДА-ға қандай сұраныстармен жүгінген жөн, Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы ақпарат алудың тікелей арналары: enpf.kz сайты, әлеуметтік желілер, press@enpf.kz, БЖЗҚЕНПФ YouTube-арнасы - қазақстандық және халықаралық сарапшылардың эксклюзивті пікірлері)

Іс-шараға қатысу үшін алдын ала тіркелу қажет. Қатысуға өтінімді өзіңіз туралы:

• ТАӘ,
• БАҚ немесе оқу орнының (студенттер үшін) атауы,
• қатысу күні,
• қатысу форматы (офлайн/онлайн),
• электрондық мекенжайы және Whatsapp телефон нөмірі (шақыру сілтемесін жіберу үшін)

мәліметтерді көрсете отырып, press@enpf.kz электрондық мекенжайына жіберу қажет.

Шақыру сілтемесі Сізге іс-шара басталардан бір күн бұрын жіберіледі.

Семинар бағдарламасы қосымша тіркелген.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

*«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы*

## ХАБАРЛАНДЫРУ

***Абай облысында «Рахимов Т.М.» ЖК өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді.***

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Абай облысы бойынша департаменті бәсекелес кірме жол болмаған кезде жылжымалы құрамның өту қызметіне «Рахимов Т.М.» ЖК тариф пен тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімін оңайлатылған тәртіппен қарау бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау 2025 жылғы 6 қараша сағат 15:00-де Абай облысы, Аягөз қаласы, Тоқтаров көшесі 20 «Г», мекен-жайында өтеді, сонымен қатар Департаменттің Facebook әлеуметтік желісі (https://www.facebook.com/profile.php?id=100085412888740&mibextid=LQQJ4d) арқылы тікелей эфирде жүргізіледі.

***Анықтама үшін телефондар:***
***Департамент –***
***8 (7222) 52-02-29,***
***«Рахимов Т.М.»***
***ЖК - 8 (72237) 3-54-05.***

**ЖОҒАЛДЫ**

Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылы АХАЖ бөлімі Ақжігіт Абзалбекұлының (06.08.2002 жыл) атына берген туу туралы куәлік **жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.**

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

ABAI AIMAQ медиахолдингі

www.semeytany.kz

Директор - Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактор - Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары - жауапты хатшы Роза ПҰШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21,
Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.
Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75;
редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03;
факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ

ABAI AIMAQ медиахолдинг
№107 (2138)
31 октября 2025 года

ВЕСТИ Семей

ГАЗЕТА РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ ПО ОБЛАСТИ ◆ ВЫХОДИТ ПО ВТОРНИКАМ И ПЯТНИЦАМ ◆ E-mail: gazetavs2002@gmail.com ◆ ИЗДАЕТСЯ С 15 ФЕВРАЛЯ 2002 ГОДА

АКТУАЛЬНО

# ОТЧИТАЛИСЬ ЗА БЮДЖЕТ И РАЗВИТИЕ

**Под председательством акима области Абай Берика Уали состоялось заседание акимата. На повестке дня были рассмотрены итоги социально-экономического развития региона за 9 месяцев 2025 года и исполнение областного бюджета. В заседании приняли участие акимы городов и районов, руководители управлений и департаментов, а также их заместители.**

С докладами выступили руководители управлений экономики и бюджетного планирования, предпринимательства и индустриально-инновационного развития, сельского хозяйства, финансов, а также акимы Семея, Аягозского района и района Маканчи.

За девять месяцев текущего года в области сохраняется положительная динамика развития по всем основным направлениям экономики. Рост обеспечен в сфере транспорта – 123,4%, связи – 106,4%, внутренней торговли – 105,9%, инвестиций – 103,1%, сельского хозяйства – 102,8%.

Объем инвестиций в основной капитал вырос на 3,1% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и составил 364,5 млрд тенге. Производство сельхозпродукции достигло 339,5 млрд тенге, что на 22% больше, чем годом ранее. Инвестиции в обрабатывающую промышленность увеличились на 137,8%, до 29,6 млрд тенге.

Количество субъектов малого и среднего бизнеса выросло на 3,2% и составило 55,9 тысяч единиц. За второй квартал объем выпускаемой ими продукции увеличился на 14,2% и достиг 562,3 млрд тенге.

В регионе утверждена методика рейтинговой оценки деятельности городских и районных акимов, включающая 72 индикатора по девяти направлениям. По итогам оценки в тройку лидеров вошли город Курчатов, Абайский и Кокпектинский районы. В числе отстающих оказались город Семей, Аягозский, Жарминский районы и район Маканчи.

На заседании было отмечено снижение показателей в промышленности, горнодобывающем секторе, водоснабжении и строительстве. Глава региона поручил ответственным заместителям, акимам городов и районов, а также руководителям управлений обеспечить своевременное выполнение задач, поставленных Правительством, и сохранить устойчивый рост экономики. Особое внимание он обратил на необходимость ускорения темпов строительства, ввода жилья и эффективного освоения выделенных средств.



